

## МОҢҒОЛИЯДАН КЕЛГЕН ҚАНДАСТАРДЫҢ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ҚОҒАМДА ӘЛЕУМЕТТІК БЕЙІМДЕЛУІ

**<sup>1</sup>Нұрлан БАЙҒАБЫЛОВ, <sup>2</sup>Руслан ИБРАЕВ**

*<sup>1</sup>Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан,  
<sup>1</sup>n.baigabyl@mail.ru, <sup>2</sup>ibrayruslan@gmail.com*

**Мақалаға сілтеме:** Байғабылов Н.О., Ибраев Р.К. Моңғолиядан келген қандастардың қазақстандық қоғамда әлеуметтік бейімделуі// SOCIOLOGY.KZ. – 2025. – №1(1). – С. 143 – 158. <https://doi.org/10.48010/2026.1/sskz.8>

**Аңдатпа.** 1990 жылдардың басынан бастап Моңғолия қазақтарының атамекенге жаппай оралуы – көші-қон барысында бейімделу үрдісін зерттеу үшін бірегей мысал бола алады. Ғылыми мақала Моңғолиядан келген қандастардың әлеуметтік және экономикалық-шаруашылық интеграциясын көші-қон бейімделу теориясы шеңберінде қарастырады. Негізгі назар Моңғолияда игерілген дәстүрлі мал шаруашылығы дағдыларының ауылдық ортада сәтті бейімделуге және одан арғы әлеуметтік мобильдікке (соның ішінде қалаға көшуге) қалай әсер еткеніне (немесе әсер етпегеніне) аударылады. Зерттеу географиясы ретінде қандастардың бастапқы орналасуынан кейін қоныс аударған Ақмола облысының ауылдық мекендері мен Астана қаласы алынды.

Мақалада көші-қонға бейімделу теориялары түсіндіріліп, қазақтардың Моңғолиядан көшуінің тарихи контексті сипатталады және ауылдық жерлердегі экономикалық бейімделу талданады. Сондай-ақ, қандастардың қалалық мобильдігі қарастырылады. Мақаланың соңғы бөлімдерінде тексерілетін гипотезаға қатысты қорытындылар мен миграциялық саясатқа қатысты ұсыныстар беріледі.

Мақала Моңғолияда қалыптасқан шаруашылық дағдылары расымен де сәтті бейімделу мен жоғары бағыттағы әлеуметтік мобильдіктің кілті бола ала ма деген сұрақты жан-жақты талдауға мүмкіндік береді.

**Түйін сөздер:** репатриация; қандастар; бейімделу; аккультурация; экономика; трансұлттық байланыстар; әлеуметтік мобильділік

## СОЦИАЛЬНАЯ АДАПТАЦИЯ КАНДАСОВ ИЗ МОНГОЛИИ В КАЗАХСТАНСКОМ ОБЩЕСТВЕ

<sup>1</sup>Нурлан БАЙГАБЫЛОВ, <sup>1</sup>Руслан ИБРАЕВ

<sup>1</sup>Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

## SOCIAL ADAPTATION OF KANDASES FROM MONGOLIA IN KAZAKHSTANI SOCIETY

<sup>1</sup>Nurlan BAIGABYLOV, <sup>1</sup>Ruslan IBRAYEV

<sup>1</sup>L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

**Аннотация.** С начала 1990-х годов репатриация этнических казахов из Монголии в Казахстан представляет собой показательный кейс для анализа миграционной адаптации в постсоветском пространстве. В статье исследуется социальная адаптация кандасов из Монголии с опорой на современные теории миграции и аккультурации, с особым акцентом на их экономико-хозяйственную интеграцию.

Основное внимание уделяется вопросу о том, в какой мере традиционные навыки животноводства, сформированные в условиях монгольской степной экономики, способствовали (или не способствовали) успешной адаптации в сельской местности Казахстана и последующей социальной мобильности, включая миграцию в города. Эмпирической базой исследования послужили материалы, собранные в сельских населённых пунктах Ақмолинской области, а также в городе Астана, куда часть кандасов переехала после первоначального расселения.

Структурно статья включает несколько блоков. Вначале излагаются теоретические подходы к анализу миграционной адаптации. Далее рассматривается исторический контекст переселения казахов из Монголии и анализируются особенности их экономической интеграции в сельской среде. Отдельный раздел посвящён процессам городской мобильности. В заключительной части формулируются выводы относительно выдвинутой гипотезы и предлагаются рекомендации по совершенствованию миграционной политики.

Предлагаемый аналитический ракурс позволяет комплексно оценить, могут ли хозяйственные навыки, сформированные в стране исхода, выступать ресурсом успешной адаптации и фактором социальной мобильности в принимающем обществе.

**Ключевые слова:** репатриация; кандасы; адаптация; аккультурация; экономика; транснациональные отношения; социальная мобильность.

**Abstract.** Since the early 1990s, the mass return of ethnic Kazakhs from Mongolia to their historical homeland (Kazakhstan) has provided a valuable case for examining migrant adaptation in the post-Soviet context. This article analyzes the social adaptation and socioeconomic integration of Kandas from Mongolia through the lens of migration adaptation and acculturation theories. It focuses on whether traditional livestock-herding skills acquired in Mongolia have facilitated (or failed to facilitate) successful adaptation in rural areas of Kazakhstan and subsequent upward social mobility, including migration to urban centers. The empirical base draws on materials collected in rural settlements of Akmola Region and in Astana, where some Kandas relocated after initial resettlement.

The article first outlines key theoretical approaches to migration adaptation, then describes the historical context of migration from Mongolia and examines patterns of rural economic integration. A separate section addresses urban mobility. The conclusion summarizes findings related to the study's hypothesis and offers recommendations for improving migration and integration policy. Overall, the analysis assesses whether skills formed in the country of origin can function as resources for adaptation and drivers of social mobility in the receiving society.

**Key words:** repatriation; relatives; adaptation; acculturation; economy; transnational relations; social mobility

## Кіріспе

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін этникалық қазақтардың тарихи Отанына оралуына құқықтық және институционалдық негіз қаланды. Бұл мәселе миллионнан астам қандастың атажұртқа оралуы мен интеграциясы тұрғысынан өзекті. 2000 жылдары репатрианттарды қабылдау квоталары мен «Нұрлы көш» сынды бағдарламалар аясында қоныстандыру, көтерме жәрдемақы, тұрғын үй және жұмыспен қамту шаралары іске асырылды. 2020 жылдан бастап «оралман» термині ресми түрде «қандас» атауымен алмастырылды. Бұл өз кезегінде тілдік-символдық деңгейде стигманы азайтуға бағытталған қадам болды.

Көші-қон саясаты тұжырымдамасы (2023-2027) Үкіметтің 30.11.2022 ж. №961 қаулысымен бекітілді. Сонымен қатар қандастарға қатысты өңірлік квоталармен қатар «Тұрғын үймен қамтамасыз ету орталығы» электрондық базасына тұрғынжайға мұқтаждар есебіне қою қағидалары қабылданды. «Ата жолы» картасы да қандастарға қатысты қолдау ретінде қолданысқа енгізілді. Аталмыш құжаттар негізінде қандастарға қатысты арнайы құқықтық база қалыптасты. Алайда осы зерттеу оның іске асу тиімділігі және қандастардың қазіргі әлеуметтік бейімделу деңгейі жөніндегі гипотезаларды тексеру мақсатында жүргізілді.

## Әдіснама

Миграциялық бейімделу – бұл мигранттардың қабылдаушы қоғамға біртіндеп бейімделу үрдісі. Ол экономикалық, социомәдени және психологиялық аспектілерді қамтиды. Джон Берридің (1997) аккультурация теориясы бойынша, мигранттар интеграция, ассимиляция, сепарация және маргинализация секілді төрт түрлі бейімделу стратегиясын қолдануы мүмкін. Берри интеграция стратегиясын ең тиімді деп санайды. Өйткені, ол мигранттарға өз мәдениетін сақтай отырып, қоныстанған қоғамының экономикалық және әлеуметтік өміріне белсенді қатысуға мүмкіндік береді [1].

Экономикалық бейімделу – мигранттардың интеграциясының негізгі көрсеткіші. Еңбек нарығына сәтті ену және экономикалық нишаларды игеру – әлеуметтік бейімделудің іргетасы. Иммигранттар экономикалық тұрақтылыққа жету үшін жалдамалы жұмыс іздеу, жеке кәсіп ашу, отбасылық немесе этникалық желілерге сүйену, шыққан елінен әкелінген дағдыларды пайдалану және т.б. секілді әртүрлі стратегияларды қолданады. Этникалық экономика теориясы бойынша да мигранттар өздерінің этникалық қауымдастықтарына негізделген нарықтық нишаларды құрып, өзара көмек арқылы экономикалық мүмкіндіктерді арттырады. Бұл тұрғыдан алсақ, Моңғолиядан келген қазақтардың дәстүрлі мал шаруашылығын жүргізу дағдылары Қазақстанның ауыл шаруашылығы секторында маңызды ресурс бола алады және бұл олардың экономикалық бейімделуін жеңілдетуі тиіс. Алайда, этникалық отанына оралу теориясы (diaspora return migration) мәдени жақындыққа қарамастан, репатрианттар тарихи отанындағы әлеуметтік-экономикалық шынайылықтармен сәйкес келмейтін тәжірибелерге тап болуы мүмкін екенін көрсетеді. Бұл зерттеу құрылымдық интеграция (қабылдаушы қоғамның экономикалық институттарына қатысу) және мигранттардың бейімделу тәжірибелері (жаңа ортада өмір сүру

және табысқа жету үшін қолданылатын әдістер мен әрекеттер жиынтығы) ұғымдарына негізделеді. Сонымен қатар, трансұлттық тәсілге ерекше назар аударылады. Бұл тәсіл өз кезегінде өзі шыққан елмен байланыстарды сақтау және отбасылық-туыстық желілерден қолдау алуды ескереді. Мысалы, соңғы зерттеулер көрсеткендей, Моңғолиядан келген жас репатрианттар туыстарымен белсенді қарым-қатынас жасау және интеграцияға ұмтылу арқылы оңайырақ бейімделеді. Жалпы алғанда, миграциялық бейімделу теориясы мигранттарда тиісті мүмкіндіктер болған жағдайда, олар жинақтаған дағдылар (біздің жағдайда – мал шаруашылығы дағдылары) экономикалық орналасу үшін қолданатынын және жаңа институционалдық жағдайларға бейімделетінін болжайды.

Моңғолия қазақтарын зерттеу барысында бұдан да басқа тұжырымдарға жүгінуге болады. Мысалы, П. Портес пен М. Чжоу негізгі ағымға қосылу, этникалық экономикада «қорғаныс» стратегиялары, немесе төменгі таптарға құлдырау секілді әртүрлі әлеуметтік «арналар» арқылы ұласатын ассимиляцияның бірнеше жолын сипаттайды [2]. Сол секілді этникалық экономика және трансұлттық кәсіпкерлік мигранттар үшін нарықтық нишаларды, өзара көмек желілерін және бастапқы капиталдың басқа да түрлерін (сенім, желі, бедел) ұсынады [3, 4].

Әлеуметтік трансферттер (social remittances) концепциясы мигранттардың тек ақша емес, мінез-құлық үлгілері, білім-білік, нормалар мен желілерді де тасымалдайтынын түсіндіреді [5, 6, 7]. Ф. Эллис пен А. Беббингтон ауыл үй шаруашылықтарының әртараптандыру, активтер портфелі және институттарға қолжетімділік арқылы өмір сүру стратегияларын бейімдейтінін көрсетеді. Бұл тұжырым қандастардың ауылдарға келіп қоныстануын зерттеу үшін құнды. Сондай-ақ, инфрақұрылым, нарық пен кредитке қолжетімділік – ауылдағы табыс пен мобильдіктің негізгі детерминанттары [8].

Осы тұжырымдар төңірегінде Астана қаласы мен Ақмола өңірінің ауылдық жерлеріне қоныстанған Моңғолиядан келген қандастарды зерттеу үшін 2025 жылдың мамыр-маусым айларында 10-нан астам жартылай құрылымдалған сұхбаттар жүргізілді. Далалық зерттеуде информанттардың әлеуметтік-демографиялық ерекшеліктері ескеріліп, этикалық талаптар сақталды және сұхбаттарға жеке кәсіпкерлер, зейнеткерлер, діни қызметкер, жас ғалым т.б. секілді қоғамның түрлі топтарынан азаматтар қатысты.

### Негізгі бөлім

Моңғолиядағы қазақ диаспорасы XIX ғ. соңы мен XX ғ. басында қалыптасты. Бұл кезеңде қазақтардың бір бөлігі Қытайдың Шыңжаң өңірі мен өзге аймақтардан Моңғолияның батысындағы Баян-Өлгий аймағына қоныс аударады. 1980-жылдардың соңына қарай Моңғолияда шамамен 120 мың этникалық қазақ өмір сүріп келген, елдегі ең ірі ұлттық азшылыққа айналды. 1991 жылы Кеңес Одағы ыдырап, Қазақстан тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін этникалық қазақтардың тарихи Отанына оралуына жол ашылды. Сол кездегі ел басшылығы қандастарды ресми түрде шақырып, елдің репатриацияға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске қосты. 1990 жылдардың басында ауқымды көші-қон толқыны басталып, ақпараттарға сәйкес, 1991-1993 жылдар аралығында елге 50-60 мың

Моңғолия қазағы қоныс аударған. Бұл көші-қон Моңғолия мен Қазақстандағы күрделі экономикалық дағдарыспен тұспа-тұс келді. Бұл репатриация бір сәттік құбылыс болған жоқ: алғашқы көшіп келгендердің бір бөлігі бейімделу қиындығы немесе сағыныш салдарынан кейінірек Моңғолияға қайта оралды (2000 жылдардың басына қарай 10-20 мың адам). Соған қарамастан, соңғы бірнеше онжылдық ішінде көші-қон үрдісі жалғасып, 1991 жылдан бүгінгі күнге дейін 80 мыңнан астам Моңғолия қазағы елге қоныс аударды [9].

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары көші-қон саласында нақты, жүйелі мемлекеттік саясат қалыптасып үлгермеген болатын. Сондықтан репатриация үрдісі көбіне табиғи, бейберекет түрде жүрді. Сол кезеңде қолданылған механизмдердің бірі – Еңбек шарты негізінде қоныстандыру болды. Моңғолиядан келген қазақ отбасыларына ауыл шаруашылығында, әсіресе мал шаруашылығы саласында жұмыс күші жетіспейтін өңірлерге қоныс аудару ұсынылды. Басқаша айтқанда, олардың келуі еңбекпен қамтамасыз ету талабымен байланыстырылды. Бұл келген қандастардың негізгі кәсіби бейініне – дәстүрлі мал шаруашылығына – сәйкес келетін.

1992 жылы репатрианттарды (қандастар) қабылдаудың квоталық қағидаты енгізілді. Көші-қон туралы заңда жыл сайынғы квота – яғни көшіп келетін отбасыларға берілетін мемлекеттік жеңілдік көлемі – белгіленді. Бұл квоталар демографиялық саясаттың басымдықтарына сәйкес өңірлер арасында бөлінді. 1990-жылдары басты мақсат – халық саны азайып кеткен солтүстік және орталық аймақтарды қоныстандыру болды. Өйткені, бұл өңірлерден орыстiлді тұрғындар Ресейге жаппай қоныс аударған еді. Сондықтан квоталардың едәуір бөлігі Солтүстік Қазақстан, Ақмола, Қостанай, Шығыс Қазақстан және мемлекет құраушы ұлттың үлесі төмен басқа да облыстарға бөлінді. Мысалы 1991 жылғы Жоғарғы Кеңес қаулысы этникалық қазақтарды тек Қазақ КСР-нің ауылдық жерлеріне қоныстандыруды көздеді. Бұл саясат екі мақсатты көздеді: бір жағынан, қандастарды олардың кәсіби дағдылары қажет етілетін жерлерге (фермалар, жайылымдар) орналастыру, екінші жағынан – стратегиялық маңызды өңірлердегі этнодемографиялық ахуалды жақсарту.

Кейінгі жылдары қабылдау шарттары өзгеріп отырды. 1997 жылы Көші-қон және демография жөніндегі агенттік құрылып, азаматтық алу рәсімдері жеңілдетілді. Ал 2000-жылдары қоныс аударушыларға көрсетілетін қаржылай қолдау көлемі ұлғайтылды. Мәселен, 2009 жылы квота 20 мың отбасына дейін көтеріліп, 17 млрд теңге көлемінде қаржы бөлінді. «Нұрлы көш» бағдарламасы аясында қоныс аударушыларға көтерме жәрдемақы (шамамен 32 мың теңгеге дейін), арнайы қоныстандыру ауылдарында тұрғын үймен қамтамасыз ету немесе тұрғын үй салуға өтемақы беру қарастырылды. Дегенмен, квота арқылы қоныстандыруда өңір таңдау мүмкіндігі шектеулі болды. Мемлекет отбасыларға қажетті деп тапқан аймақтарға бағыттады.

2010 жылдарға қарай көші-қон саясаты өзгерді. Бұл кезде көптеген қандастардың өз бетінше экономикалық дамуы жоғары қалаларға орналасуға ұмтылысы байқалды. Сондықтан 2014 жылдан бастап Алматы мен Астана сияқты ірі қалалар мемлекеттік бағдарлама бойынша ұйымдастырылған көші-

қон өңірлерінің тізімінен шығарылды. Алайда, көптеген репатрианттар кейіннен осы қалаларға екінші көші-қон толқыны арқылы қоныс аударғаны байқалады.

Көші-қонның алғашқы толқындары «еңбекке орналастыру» қағидатына сүйеніп, ауыл шаруашылығында жұмыс күші жетіспейтін өңірлерге бағытталды. Кейінірек урбандалу күшті жүрді. Квоталау, жеңілдікті жәрдемақылар мен азаматтық рәсімдерін жеңілдету кезеңдері алмасып отырды [10, 11]. 2023 жылғы жаңа нормативтер қандастарға мәртебе беру/ұзарту рәсімдерін жаңартты [12, 13, 14], ал өңірлерде қандас-қоныс аударушыларға бейімдеу орталықтарының пилоттық жобасы басталды [15].

Сұхбат алынған информанттардың дерегі бойынша 1992 жылы бүкіл әулетімен Қазақстанға қоныс аударған алғашында толық қазақы орта саналатын Ақмола облысының Қорғалжын ауылына орналасты. Бұл шешімнің басты себебі – жергілікті халықтың тілі мен салты өздеріне жақын болуы еді. Информант -1 (И.1., әйел, 81 жас, Ақмола облысы, Ынтымақ ауылы): «алғашқыда Қорғалжында қоныстандық. Өзіміз жайлы деп сол жаққа көштік» деп еске алады. Расында, қазақтілді өңірге орналасу және ортада тілдік тосқауыл мен мәдени айырмашылықты азайтып, жергілікті тұрғындармен тез тіл батысуға мүмкіндік берген.

Отбасы мүшелері мен туыстардың топтасып көшуі де маңызды фактор болған. Кейбір қандастар бүкіл әулетімен бірге бір жерге қоныстануды жөн көрсе, енді бірі жеке өзі келіп, кейін туыстарын көшіріп алған.

Түрлі тарихи бағдарламалар мен көші-қон толқындары да қандастардың түрлі аймақтарда қоныстануларына себеп болды. 1991 жылы Кенес-Моңғол келісімдері аясында Жұмысшы алмасу бағдарламасымен келген репатрианттар әуелде Талдықорған өңіріне қоныстандырылған екен (И.5., ер азамат, 63 жас, Ақмола облысы, Қараөткел ауылы). Алайда кейбір өңірлердің табиғи ерекшеліктері жаңа көшіп келген кісілер үшін қолайсыз тиген. Мәселен, И.7. (ер азамат, 69 жас, Астана) айтуынша Торғайдың жері мен климаты жақпағандықтан бірнеше жыл жұмыс істей алмаған. Оның отбасының мысалында табиғи ортаның бейімделуге әсерін көруге болады. Өйткені, респонденттің баяндауынша, 1990 жылдары көшетін жерлерін көрейін деп келген туыстары Ақмоланың қақаған қысына куә болып, «...қысы қатты екен, қар шатырға дейін. Қыста үйлеріне сол шатырдағы есікпен кіреді екен» деп, көшу жоспарларынан бас тартқан екен. Бұл дерек сол кездегі солтүстік өңірлердің климатының отбасылардың көшу туралы шешіміне ықпал еткендігін көрсетеді.

Сонымен қатар, қандастар уақыт өте келе ішкі көші-қон бағыттарын өзгертіп отырған. Кейбірі жұмыс немесе оқуларына байланысты қалаларға жылжыған. Мысалы, И.8 (ер азамат, 55 жас, Астана) 1990 жылдардағы Талдықорған қаласындағы экономикалық қиындықтарға байланысты отбасымен Балқашқа, одан кейін жаңадан құрылған Астана қаласына көшкен. И.9. (ер азамат, 64 жас, Ақмола облысы, Қоянды ауылы) отбасымен бірге Қазақстанның біраз жерлерді аралап жүріп, Ерейментаудың бұрынғы неміс ауылы болған Еркіншілік ауылына жайғасқан. Мұны олар тарихи отандарына көшіп кеткен немістерден қалған ауыл үйлерінің сапалы және жақсы тұрғызылғанымен түсіндіреді. Осылайша,

қандастардың орналасуы мемлекеттік бағдарлама, туыстық байланыстар, табиғи орта және экономикалық мүмкіндіктер секілді факторлардың әсерінен өзгеріп отырған. Қалай дегенмен, қандастардың бастапқыда қай өңірге табан тіресе де, түпкі мақсаттары жаңа ортаға тезірек сіңісіп, тұрмыстарын түзетуге бағытталғанын көрсетеді.

И.7 (ер азамат, 69 жас, Астана) Торғай өңіріне жерсіне алмаса да, Жетісудың табиғаты жаққанын айтады. Ол сол кездегі көшпен келген кісілердің Алматы облысының құнарлы жерлерін «*тау мен сайды жайлап*», қандастардың мал өсіріп, шаруашылық бастағанын айтады. Бұған Талдықорған облысы жерінің Баян-Өлгейге ұқсас болғаны себеп болды дейді. Яғни, қоныстанған ортаның экожүйесі (*тау мен жазық, қуаң дала мен суы мол аймақтар*) қандастардың тұрмыс салтына ықпал етіп, орнығуына/көшіп кетуіне (кейбір қандастардың басқа жер іздеулеріне) себеп болған.

Қандастардың көбі алғашқы қоныстанған өңірлері ауылды жерлер болғандықтан тіл мәселесінде қиындық бастан өткізбегендіктерін және жергілікті халықтың өздерін жақсы қабылдағанын баяндайды. Мысалы, И.3. (ер азамат, 61 жас, Ақмола облысы, Қараөтел ауылы) Шымкент, Торғай қазақтарының қазақылығына, олардың үлкенге деген сый-құрметіне әлі күнге дейін тәнті екендігін жасырмайды. И.1-де (әйел, 81 жас, Ақмола облысы, Ынтымақ ауылы) Қорғалжын қазақтарының қазақылығына, қонақжайлығына, өздері келгенде жылы қарсы алғанына риза болғанын білдірді. И.4., И.8. (ер адамдар) алғаш келген өңірлерінің орыс тілді болғандығын, бірақ тұрғындардың арасында мәдени тұрғыда «қазақылықтың» жоғалмағандығын, сондықтан қатты қиындық көрмегенін айтты. Олар Қазақстанға қоныс аударғанда орыс тілін білетіндіктерін (екеуі де Моңғолияда жүріп меңгерген), бұл жағдай олардың Қазақстанға тез бейімделулеріне себеп болғанын білдірді.

Бірақ, кейбір қандастар үшін Қазақстандағы орыс тілінің үстемдігі күтпеген жағдай болған. И.11 (ер азамат, 33 жаста, ғылым саласының өкілі, Астана қаласы) алғаш келген жылдарын еске ала отырып «Адамдардың қазақша емес, орысша сөйлейтіндері қызық болатын» дейді. Оның алғашында бұл құбылысты түсінбей, тіпті ана тіліне деген «*құрметсіздік*» деп бағалауы – мәдени шоктың көрінісі. Уақыт өте келе ол әр өңірдің ерекшелігін түсініп, Павлодар жақтың тұрғындары көбіне орысша, Батыс Қазақстанның халқы негізінен қазақша сөйлейтініне көз жеткізген.

Қандастардың жергілікті халықпен алғашқы қарым-қатынастарында да мәдени тұрғыда кейбір түсініспеушіліктер орын алғаны көрінеді. Бірақ қандастардың ортасында қалыптасқан кей дағдылар жергілікті мәдениеттен өзгеше болғанымен, уақыт өте қандастар мен жергілікті қауым ортақ құндылықтарды негізге ала отырып, бір-бірін байыта түскен. Мысалы, Моңғолия қазақтары кең дастархан, бауырмалдық қасиеттерімен танылып, оңтүстік қазақтарымен тез тіл табысқан жәйттар кездеседі.

Репатрианттардың әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан орнығуы – олардың бейімделуінің ең басты көрсеткіштерінің бірі. Қазақстанға көшкен қазақтар Моңғолияда жинаған біліктілігі мен кәсіби дағдыларын жаңа ортада кәдеге

жаратуға тырысқандықтары байқалады. Алайда кеңестік экономикадан нарықтық экономикаға өткен кезеңдегі қиындықтар мен құрылымдық өзгерістер кейде бұл үрдісті қиындатқаны байқалады.

Көші-қонның алғашқы толқындарында келгендерге мемлекет жұмыспен қамту арқылы қолдау көрсеткен. 1991 жылы Жұмысшы алмасу бағдарламасымен келген мамандар фабрикалар мен зауыттарға жұмысқа орналастырылған. Мысалы, инженер И.8 (ер азамат, 55 жас, Астана) келген бойда (отбасымен бірге) Талдықорғандағы өндірістік фабрикаға жұмысқа орналастырылып, мемлекет берген тұрғын үйде тұрған. Ол «1991 жылы... Жұмысшы алмасу бағдарламасы бойынша келдік. Алғашқы келгенде Талдықорғанға жіберді, сол жақта фабрикада жұмыс істедік». ...мемлекет үй берді... құжаттарымыз уақтылы істелді, жұмысымыз бар еді» деп, алғашқы жылдар алаңсыз өткенін атап өтті. Сол сияқты, И.10. (ер азамат) 2006 жылы елге оралған бойда Астана маңындағы жасыл белдеуге ағаш егу жобасына жұмысқа тұрғанын және айлығын уақтылы алғанын айтты. Демек, алғашқы кезеңде көптеген қандастар жұмыссыз қалмау үшін бұрынғы кәсібіне ұқсас салаларға немесе қара жұмыстарға орналасқан.

Дегенмен, информанттар Қазақстандағы 1990 жылдардың ортасындағы экономикалық дағдарыс пен зауыт-фабрикалардың жаппай жабылуы кейбірінің өз мамандықтары бойынша жұмыстарын жалғастыруға мүмкіндік бермей, мамандықтарын ауыстыруға себеп болған. Жаңа ортада бұрынғы мамандықтарын жалғастыра алмаған қандастардың бір бөлігі кәсіпкерлікке бет бұрған (әсіресе Алматы мен Астана сияқты қалаларда қатты байқалады). Мысалы, 2008 жылы елордаға келген И.3 (ер азамат, 61 жас, Ақмола облысы, Қараөтел ауылы) бастапқыда түрлі салаларда жалдамалы жұмысшы болып еңбек етіп, ақырында тамақтану саласында кәсіп бастаған. Қиындықтар болғанымен, шағын астанадан бастаған ол табанды еңбектің арқасында пайда көріп, осы ісін кәсіпке айналдырған. Ол «Қазір шаруашылығымызды біраз көтеріп жатырмыз... Павлодар облысында күре жолдың бойында тағы бір кафе аштық» деп жетістігімен бөлісті. Сондай-ақ, қандастардың әлі күнге дейін Моңғолиямен экономикалық байланыстар бар екені байқалады. Өйткені, информанттардың басым бөлігі Моңғолиямен қандай да бір кәсіп бастауға ниетіңіз болса жан-жақты көмектесуге дайын екендіктерін білдірді және нарықтық мүмкіндіктермен бөлісті.

Алайда кәсіп ашқандардың бәрі бірдей жетістікке жетпеген. И.3 (ер азамат, 61 жас, Ақмола облысы, Қараөтел ауылы) алғашқы ашқан істерінің сәтсіз болғанын, бастапқыда дағдарысқа ұшырап, үй-күйсіз қалған кездерін еске алды. Ол мемлекеттің кәсіпкерлікті қолдау бағдарламаларына жүгінгенмен, оның биографиясына қарап несие бермей қойғанын, оның Моңғолияның мемлекеттік қауіпсіздік саласындағы еңбек өтілі елге оралған соң оған көптеген қиындықтар алып келгенін, тіпті еңбек өтілі негізінде Қазақстанның зейнетақысына да іліге алмағанын ашына баяндады. Ол бұл тығырықтан шығу үшін өзінің бейресми желілерін пайдаланған.

Уақыт өте келе тұрмысының жақсарғаны/жақсармағаны жайлы сұрақтарға информанттар түрлі жауап берді. Біреулері Қазақстанда тұрмысы айтарлықтай жақсарғанын айтса, енді бірі бұрынғы деңгейден төмендеп қалғанына налиды.

Мысалы, ауыл шаруашылығымен айналысатын И.10 (ер азамат, Ақмола облысы, Ынтымақ ауылы) Қазақстанға келген 20 жылдың ішінде жағдайының әлдеқайда жақсарғанын білдірді. Ол «Материалдық жағдайымыз жақсарды. Оған елдегі мүмкіншіліктер себеп болды... Елде өсемін, жұмыс істеймін дегендерге көп мүмкіндік бар» дейді. Ол мемлекеттің ауыл шаруашылығын дамытқысы келген азаматтарға ұсынған пайызы төмен несиесін алған. Сөйтіп бірнеше іріқара алып, қорасынан бастаған ісін үлкен шаруашылыққа айналдырған.

Екінші жағынан, көштен кейін кейбір отбасылар ұзақ жылдар бойына тұрмыстық қиындықтарды жеңе алмай келе жатқандығы да байқалады. Бұл қандастардың бәрі бірдей экономикалық тұрғыда жетістікке жетіп кетпейтінін, кейбірінің материалдық жағдайы келген жеріндегі жағдайымен салыстырғанда өзгеріссіз қалатынын, ал кейбір жағдайларда тіпті нашарлап кететіндігін көрсетеді.

Моңғолиядан келген қазақтардың арасында жоғары білімді, кәсіби тәжірибесі мол азаматтар аз емес. Алайда елде олардың біліктілігін тиімді пайдалануға қатысты кемшіліктер бар екені байқалады. Мысалы, И.3 (ер азамат, 61 жас, Ақмола облысы, Қараөтел ауылы) өзі секілді 4-5 тіл білетін, мемлекеттік қауіпсіздік және шекаралық қызметте тәжірибесі бар мамандарды Қазақстанда тиімді пайдалана алмағанын өкінішпен айтады. Ол «Менің біліктілігімді... мемлекет қолдана алмады деп ойлаймын» дейді. Өйткені, Моңғолия мен Қытайды жақсы білетін маман ретінде ол отанында университетте дәріс беріп, немесе сыртқы байланыс саласында пайдасын тигізе алар еді. Алайда оған бұл саладан ұсыныстар болмаған. Бұл тек И.3. ғана емес, жалпы қандастар арасындағы кәсіби кадрлардың мәселесі екені байқалады.

Жас буын өкілдері арасында Қазақстанда ой еңбегін талап ететін салаларда өз орнын тауып жатқандардың бар екендігі де байқалады. Мысалы, PhD дәрежесі бар И.11 (ер азамат, 33 жас, Астана) жас маман ретінде шетелде ғылыми-зерттеу институттарында және халықаралық ұйымдарда тәжірибе жинап, кейін елге оралған соң осы тәжірибесін Қазақстандағы қызметінде қолдануда. Мұндай мысалдар соңғы жылдары мемлекеттік органдар мен мекемелердің шетелден келген білімді қазақтарды тартуға ынта танытып келе жатқанын көрсетеді.

Қорыта айтқанда, экономикалық интеграция жолында репатрианттар алуан түрлі қиындықтар мен жетістіктерді бастан өткергені байқалады. Мемлекеттің бастапқы қолдауы (жұмыс пен үй беру) көптеген отбасыларды аяқтан тұрғызуға септігін тигізгенімен, 1990 жылдардағы экономикалық тоқырау бұл қолдаулардың оң әсерін азайтты. Еңбеккерлік пен бейімделгіштік қасиеттері бар қандастар жаңа салаларда өз күштерін сынап көріп, кәсіп ашып немесе жаңа мамандықтарды игеріп, өз жағдайларын көтеруге тырысты. Экономикалық бейімделудің сәтті болуы көбіне мемлекеттік қолдаудың тиімділігі мен жеке бастаманың ұштасуына байланысты болды.

Жоғарыда ауылды жерлерге және қазақтілді ортаға қоныстанған қандастарды жергілікті халықтың жақсы қабылдағанын айтып өттік. Бірақ барлық жерде ондай жақсы қабылдау болмағанға ұқсайды. Әсіресе қалалық орталарда қандастарды «оралман», «моңғол» деп бөлу жағдайлары кездесіп, стереотиптер де болған.

Бірақ халық арасында әлі де «оралман» сөзінің сақталып қалуы кей қандастарды қынжылтады. И.3 (ер азамат) бұл жайлы «...одан кейін «қандас» сөзі шықты. Қазір халық бәрібір бізге «оралман» дейді. Сол кезде осы сөзді (оралман) ойлап тауып жатқанда тіл мамандары болды ғой. Неге сол кезде «қандас» деген сөзді бірден қолданбады екен, түсінбеймін?!» дейді. Сондай-ақ, өзін «моңғолдың тыңшысы» деп айыптаған оқиғаны өміріндегі ең ауыр жағдайларың бірі ретінде есіне алды. Бірақ информанттың жергілікті халықпен тығыз араласқан сайын бұл өкпесі сейіліп, кейінірек басылған екен.

Көште өзара қолдаудың рөлі де маңызды. Көптеген қанастар үшін алғашқы қолдау туыс-туғандары мен жерлестерінен келген. Өз кезегінде, формалды қауымдастықтар мен ұйымдардың рөлі туралы пікірлер екіұшты. Сұхбатқа қатысушылардың басым бөлігі республикалық немесе жергілікті «қандастар бірлестіктерінен» қандай да бір көмек алмағанын айтты. И.4. (ер азамат) айтуынша, бұндай ұйымдар мен қауымдастықтар көшіп келгендерді бір араға жинай алса да, нақты материалдық көмек көрсетумен айналыспайды екен. Ол кейбір қоғамдық бірлестіктер шынайы жанашырлықтан гөрі делдалдық, пайда табу мақсатында қызмет ететіндігін айта келе, «Ешкімнен ешқандай көмек алмадық. Өйткені олар ақшаға істейді, делдалдар болып кеткен». Мұндай пікірлер ресми ұйымдарға деген сенімнің төмендігін және қандастардың көбі қиындықты бейресми жолмен шешуге дағдыланғанын көрсетеді.

Диаспораның ішкі ынтымағы туралы да түрлі көзқарас бар. Моңғолия қазақтары тарихи отанында бір-біріне сүйеніш бола білді ме деген сұраққа жауап екіұшты шықты. Бір жағынан, Моңғолияда жергілікті қазақтар саны аз болғандықтан өз араларында ұйымшыл екендіктерін, сол ұйымшылдықтарының арқасында жағдайларының жақсы болғандығын білдірсе, екінші жағынан, тарихи отанына оралған жерлестердің бір-біріне жәрдемдесу дәстүрі төмендеп келе жатқанына шағымданды. Өйткені, қандастар уақыт өте жергілікті халықтың ажырамас бөлігіне айналып, қоғамдық іс-шараларға, күнделікті өмірге белсене араласып кеткенін байқауға болады.

Әлеуметтік интеграцияның тағы бір өлшемі – некелік қарым-қатынастар арқылы жүреді. Сұхбатқа қатысқан кісілердің көбісі некелесу барысында өз өңірлерінен шыққан кісілерге басымдық беретіні байқалады (бұл қоныс аударған бірінші ұрпақта да, екінші ұрпақта да байқалады). Бірақ жергілікті қазақтармен де некелесу жағдайлары кездеседі.

Жалпы алғанда, әлеуметтік байланыстар саласында моңғолиялық қазақтардың тәжірибесі күрделі болғанымен, басым көпшілігі жаңа ортада өз орнын тауып, қоғаммен етене араласып кеткендігі байқалады. Алғашқы кездегі бөтенсіну сезімі уақыт өте келе ортақ құндылықтар, діл мен тілдің бір екендігінен сейілген. Бұл үрдісте қандастардың өздері де белсенді рөл атқарып, жаңа қауымдастықтардың беделді мүшесіне айналған жағдайлар аз емес (мәселен, елге келіп имам болған, мешіт салдыруға үлес қосқан ақсақалдар бар екені сұхбаттарда аталды). Сол арқылы репатрианттар тек тұтынушы немесе бейімделуші емес, сонымен бірге жергілікті қоғамның дамытушы күші ретінде де өз еңбектерін сіңірген.

Қандастардың жаңа ортаға бейімделуінде кездескен ең күрделі мәселелердің бірі – институционалдық тосқауылдар, әсіресе құжат рәсімдеу, азаматтық алу, бюрократиялық кедергілер және тілдік талаптар. Сұхбаттар қандастардың бұл салада сан түрлі қиындықтарға ұшырағанын, кейде ол қиындықтар материалдық тапшылықтан да ауыр соққанын көрсетеді. Көші-қон үдерісіндегі ең алғашқы қадам – құқықтық мәртебе (қандас куәлігі, ықтиярхат, азаматтық) мәселесі болды. 1990 жылдардың басында келген репатрианттардың біразы құжат рәсімдеуді аса қиындықсыз өткергенін айтады. Алайда уақыт өте құжат рәсімдеу күрделене түскені байқалады. 2000 жылдардағы репатрианттар бюрократиялық талаптардың көбейіп, әкімшілік рәсімдердің созылып кеткендеріне шағымданды. 2010 жылы келген И.4. (ер азамат) құжат рәсімдеудің қиын өткенін мәлімдеді. Ол қажетті анықтамаларды уақытылы өткізіп отырса да, «құжаттардың аудармасы, нотариустың куәландыруының бәрі көп шығынға батырды» деп күйінді. Шынында, шетел құжаттарын қазақ немесе орыс тіліне аударту, оны нотариуспен растау секілді талаптар жаңадан көшіп келген отбасылардың бюджетіне едәуір ауыртпалық салған.

Құжат рәсімдеу кезінде кездесетін келесі бір түйткіл – шенеуніктердің бейресми қарым-қатынасы мен сыбайластық көріністері. Көптеген сұхбат берушілер көші-қон, ХҚКО сынды мекемелердегі кей қызметкерлердің қандастарға дөрекі не немқұрайлы қарағанына шағым білдірді. Жүйедегі осындай кемшіліктер мен жемқорлықтың салдарынан делдалдардың саудасы жүрген. Мұндай кемшіліктердің орын алуына репатрианттар мемлекеттің жоғары билігін емес, жергілікті деңгейдегі жауапты тұлғаларды кінәлайды. Сондықтан да, шешім ретінде «көші-қондағы қызметкерлерге ... адамгершілігі мол адамдарды қою керек. ... *Қандастардың басым бөлігі қазақша сөйлейтіндер. Сондықтан орысша сөйлейтіндерді тіпті алмау қажет*» деп ұсыныс тастады. Яғни, қандастар құжат жүргізетін орындарда қазақ тілінде сөйлеп, қандастарға жанашырлық таныта алатын мамандар отырса, көптеген түсінбестік пен кемсітудің алды алар еді деген сенімде.

Институционалдық кедергілердің бір бөлігі – тілге байланысты талаптар. Институционалдық деңгейде тіл мәселесі құжаттар толтыруда да көрінеді. Мемлекеттік бланкілер мен формулярлардың қазақша нұсқасын түсіну кей қандастарға оңай болмаған. Мысалы И.3 (ер азамат) «Жұрттар қазақша толтырылған құжатты түсінбейді, өйткені құжат бірінші орысша жазылып, сосын барып қазақшаға аударылады... Сол көп кедергі келтіреді» дейді. Яғни, кеңсе қазақшасындағы ауыр тіл немесе екі тілдегі нұсқалардың сәйкес келмеуі – тіл тәжірибесі тұрғысынан тек ауызекі қазақшаны білетін ағайынға қосымша қиындық туғызған. И.4 (ер азамат) «Қазіргі Моңғолияның қазақ жастары қазақ тілін білмейді. Сондайлар көбейіп келеді. Сондықтан оларды елге келген соң тіпті басқаша бейімдеу керек» деді. Яғни, болашақта елімізге көшуге ниет білдіретін қандастар үшін қызмет көрсету саласында жаңа кедергілер туып қана қоймай, бейімделу үшін арнайы тілдік курс, қосымша бағдарламалар қажет болуы әбден мүмкін.

Жүйеде репатрианттардың құқықтық мәртебесін ресімдеу төңірегінде де кейбір жүйелік олқылықтар байқалды. Бұрын оралман куәлігі негізінде арнайы кезекке тұрып, тұрғын үй алу мүмкіндігі қарастырылған еді. Алайда бұл ереже нақты іске келгенде нәтиже бере қойған жоқ. Осы себепті көптеген отбасылар баспана мәселесін өз күштерімен шешуге мәжбүр болды (үйлері арзан ауылдарды таңдады, өз тарихи отандарына көшкен еуропалық халықтардың үйлерін иемденді немесе ұзақ уақыт қаладағы жалдамалы пәтерлерде тұрды).

Құқықтық мәртебеге қатысты тағы бір мәселе – зейнетақы мәселесі мен қандастардың еңбек өтілін тану. Моңғолияда мемлекеттік қызметте істеген, сол елден зейнетке шыққан азаматтардың арасында елге оралған соң зейнетақы ала алмау мәселелері жиі кездеседі. Сондықтан бұл мәселе ерекше назар аударуды талап етеді. Өйткені, әке-шешелері Қазақстанға көше алмағандықтан бүтін балашағасы оларды тастап көше алмайтын жағдайлар да кездеседі.

Жалпы, институционалдық кедергілер репатрианттардың көбі үшін ұзақ уақыт бойы күйзеліс көзі болғаны көрінеді. Дегенмен, соңғы жылдары жағдай біршама жақсарғанға ұқсайды. Мысалы И.11. (ер азамат) айналасы 3-4 айда азаматтық алғанын, бюрократияда таныстары арқылы ісін тез жүргізгенін айтты (*өзі «ешқандай мәселе болған жоқ, қысқа уақытта шығарып берді»* деп сипаттайды). Бұл – әкімшілік рәсімдердің электронды форматқа көшуі және «бір терезе» қағидаты енгізілуінің жемісі болуы мүмкін.

Зерттеу барысында қандастар өз тәжірибелеріне сүйене отырып, Қазақстандағы репатриациялық саясат пен бейімдеу шараларын жетілдіруге бағытталған бірқатар ұсыныс-тілектер айтты. Негізгі тақырыптарды тұрғын үй, бюрократияны жеңілдету, жұмыспен қамту және кәсіпкерлікті қолдау, білім және біліктілік, сондай-ақ жалпы қоғамның көзқарасына қатысты деп топтастыруға болады. Ол ұсыныс-талаптар төмендегідей:

1. Қандастардың ең бірінші көтерген мәселесі – баспанамен қамту тетігін жақсарту. Көпшілігі үшін алғашқы келген кезде тұрғылықты үйдің болмауы ең үлкен қиындық болғанын айта келе, мемлекет осы салаға мән беруі тиіс деп есептейді.

Ауылдық жерге қоныстанушылар үшін тұрғын үймен қатар жер телімін беру де маңызды. И.7. (ер азамат) пайымынша, Қазақстанда қазір мал бағатын адам табылмай жатса, Моңғолиядан келетін малшыларға жағдай жасап, жайылым жер бөліп беру – екі жаққа да тиімді іс. Ол Моңғолиядағы орташа малшының өзі 1500 АҚШ доллары табыс табатынын, ал Қазақстанда бұл саланың еңсесі түскенін айта келе: *«Жақсы айлық беру керек. Мал жаятын жер беру керек»* деді. Демек, шалғай ауылдарға шеттен қазақ алып келіп, оларға жер беріп, еңбекақылы қойшы қылса, ауыл шаруашылығындағы кадр тапшылығын да жоюға болады. Бұл – мемлекеттік деңгейде ойластырылатын Win-Win шешімнің мысалы.

2. Репатрианттар көші-қон үрдісіндегі құжат рәсімдеу машақатын жақсы біледі. Сондықтан оны барынша оңайлату бойынша тілектер білдірілді. «Құжат рәсімін жеңілдету», «қағазбастылықты қысқарту» ұсыныстары бірнеше информант тарапынан айтылды. Атап айтқанда, жинауға тиіс анықтамаларды азайту, үрдісті электронды форматқа көшіру, әр жерге сабылтпай, бір терезеден

бітіру сияқты шаралар атап көрсетілді. Мұны мемлекет те ішінара жүзеге асыруда.

3. Көптеген репатрианттар мемлекеттен тікелей қаржылық көмек күтпей, өз еңбегімен күн көруге тырысуда. Дегенмен, олар Қазақстан билігі тарапынан белгілі бағыт-бағдар көрсетіліп, мүмкіндік жасалса деген өтініш білдірді. Яғни, қандастар арасында кәсіппен айналысам деушілерге несие, грант, кеңес түрінде көмек көрсетілсе, олардың біразы өзін-өзі қамтып қана қоймай, өзге азаматтарды да жұмыспен қамтитын еді. Нақты ұсыныс ретінде қандастар орналасқан өңірлерде кәсіпкерлік негіздерін үйрететін курстар ашу, жеңілдетілген салық режимін ұсыну, несиені кепілсіз беру тетіктерін қарастыруға болады.

Жұмысқа орналасу саласында репатрианттардың біліктілігін ескеру қажет. И.4. (ер азамат) пікірінше, кейбір қандастарды ауылға жіберудің қажеті жоқ. Оның айтуынша *«Оларды ауылға қоныстандыра бермей, бизнес ашуға, өз біліктіліктерін осы жақта дамытуға жағдай жасаса деймін»* дейді. Себебі Моңғолиядан келген қазақтың бәрі бірдей малшы емес, *«оқығандары көп, соларға жағдай жасау қажет»* деп шегеледі ол. Туысқандары шетелде оқып, өзі де оқыған отбасынан шыққан оны ел билігі ауылды жерге қоныстандырған. Ауылда оқыса да балалары білім саласында жетістікке жетіп, Астананың ең үздік мектептеріне грантқа оқуға түсіп, республикалық олимпиадаларды ұтқан. Сондықтан респондент қалаға жақын жерге көшуге мәжбүр болған. Бұл тұрғыда қандастардың дипломдарын нострификациялау процедураларын жеңілдету, қажет болса қысқа курстар арқылы талапқа сай біліктілік беріп, мемлекеттік қызметке, не жеке секторға орналастыруды ұсынуға болады.

4. Репатриациялық саясатты жетілдірудің тағы бір бағыты – ақпараттық-әдістемелік қолдау. Көшіп келген қазақтарға Қазақстан заңдары, әлеуметтік қызметтер, білім алу мүмкіндіктері туралы толық мәлімет беретін орталықтар қажеттігі сезіледі. Сұхбат берушілер *«кеңес беру деген көмек болған жоқ»* деп атап өтті. Шын мәнінде, Қазақстанға алғаш қадам басқан қандастарға бағыт-бағдар, жол сілтеу қызметі жүйелі ұйымдастырылса, көптеген мәселе өздігінен шешілер еді. Сондықтан облыс орталықтарында қандастарға қызмет көрсету бөлімдерін ашып, онда жаңа келгендерге тіркеуден бастап, балаларын мектепке орналастыруға дейін кеңес беретін мамандар отырса бейімделу үрдісі жылдамдай түсер еді. Бұл жұмысты батыстық үлгіде әлеуметтік қызметкерлердің көмегімен жүргізуге болады.

Сондай-ақ, екі тараптың (қандастар мен мемлекеттің) сұқбаты екіжақты сыйластық негізінде жалғаса беруі үшін ақпараттық саясатты күшейту ұсынылады. Мысалы, бұқаралық ақпарат құралдарында сәтті бейімделген репатрианттардың оқиғаларын (success stories) көрсету, олардың елімізге қосқан үлесін баяндайтын деректі фильмдер түсіру – қоғам санасына оң әсер бермек.

### **Қорытынды**

Қорытындылай келе, моңғолиялық қазақ репатрианттардың ұсыныстары олардың өздері бастан кешкен қиындықтардан туындап отыр және сол

мәселелерді шешудің жолдарын көрсетеді. Олар тұрғын үймен қамтамасыз етуді бірінші орынға қою, көші-қон үрдістеріндегі бюрократияны жеңілдету, қандастардың кәсібіне, біліміне қарай жұмысқа орналасуына мүмкіндік жасау, қажет жерінде қаржылай немесе кеңес арқылы қолдау беру, сондай-ақ жалпы қоғамның репатрианттарды қабылдау мәдениетін арттыруды қалайды. Бұл ұсыныстар бүгінгі репатриация саясатын жетілдіруде бағалы бағдар бола алады деп тұжырымдауға болады. Репатрианттардың өз тарапынан «мемлекеттен ештеңе күтпеу керек», «еңбек қылған адамға өмір сүруге болады» деген ұстанымы олардың адаптациялық стратегиясының өзегін құрайды.

Қазақстан үкіметі мен қоғамы осы үндеулерге құлақ түріп, нақты іс-шараларды жүзеге асырса, тарихи Отанына оралғысы келетін қазақтардың саны қайтадан артып, еліміздің демографиялық және экономикалық әлеуетіне серпін берер еді. Мемлекет тарапынан жасалған қандастарды қолдау шаралары және репатрианттардың белсенді бейімделу тәжірибесінің өзара ықпалдастығы нәтижесінде көші-қон саясатының тиімділігі артып, атамекенге қоныс аударған этникалық қазақтардың жаңа әлеуметтік ортаға интеграциясы жеңіл әрі табысты жүзеге асуына алғышарттар қалыптасады деп сенуге болады.

### Қаржыландыру

Бұл зерттеу Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитетімен АР23486745 ғылыми жобасы аясында жарық көрді.

### Әдебиеттер тізімі

1. Berry Dzh. U. Akkluratsiya i psikhologicheskaya adaptatsiya / J. W. Berry // Razvitie lichnosti. – 2002. – № 1. – S. 291.
2. Portes A., Zhou M. The New Second Generation: Segmented Assimilation and Its Variants // The Annals of the American Academy of Political and Social Science. – 1993. – Vol. 530. – P. 74-96.
3. Portes A. Migration and Social Change: Some Conceptual Reflections / Alejandro Portes // Journal of Ethnic and Migration Studies. – 2010. – Vol. 36, No. 10. – P. 1537-1563.
4. Light I., Gold S. Ethnic Economies. – San Diego: Academic Press, 2000. – 368 p.
5. Levitt P. Social Remittances: Migration Driven Local-Level Forms of Cultural Diffusion // World Development. – 1998. – Vol. 25, No. 12. – P. 927-942.
6. Lacroix T., Levitt P., Vari-Lavoisier I. Social Remittances and the Changing Transnational Political Landscape // Comparative Migration Studies. – 2016. – Vol. 4, No. 1 (статья 16).
7. Greiner C. Migration, Resettlement & the Countryside: A Critical Review // Cultural Geographies. – 2013.
8. Ellis F. Rural Livelihoods and Diversity in Developing Countries. – Oxford: Oxford University Press, 2000. – 290 p.
9. Выступление Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева на III Всемирном курултае казахов (Астана, 29 сентября 2005 года) // [https://www.akorda.kz/ru/events/astana\\_kazakhstan/participation\\_in\\_events/uchastie-v-v-vsemirnom-kurultae-kazahov](https://www.akorda.kz/ru/events/astana_kazakhstan/participation_in_events/uchastie-v-v-vsemirnom-kurultae-kazahov). Қаралған күні: 31.08.2025.

10. ҚР Үкіметі. «Нұрлы көш» бағдарламасы туралы мәліметтер (2008–2011 жж.). Қолжет: Adilet/online.zakon.kz. Қаралған күні: 31.08.2025. SAGE Journalsjournals.indexcopernicus.com
11. ҚР ҰЭМ. 2025 жылы «Ауыл – Ел бесігі» аясында 500 ауылда 1 000 жоба (176,4 млрд тг) іске асады: Баспасөз хабарламалары. – 2025. Қаралған күні: 31.08.2025. Правительство Казахстана
12. ҚР Үкіметі/Primeminister.kz. «Ауыл – Ел бесігі» жобасының мақсаттары мен ауқымы (шолу материалдары). – 2019–2025. Қаралған күні: 31.08.2025.
13. Central Asia-News. Қазақстанда «оралман» орнына «қандас» термині енгізілді (жаңалық). – 2020. Қаралған күні: 31.08.2025. Каравансарай
14. ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі. 29.12.2023 ж. № 542 бұйрық: қандастар мен қоныс аударушыларға бейімдеу-интеграция қызметтерінің пилоты. – 2024–2025. Правительство Казахстана
15. ҚР ПМ бұйрығы. Қандас мәртебесін беру/ұзарту қағидалары (жаңа редакциялар). Zan.gov.kz: PDF. Қаралған күні: 31.08.2025.
16. ҚР ЕХӘҚМ баспасөз хабары: «2025 жылы 8 051 этникалық қазақ қандас мәртебесін алды». – 25.08.2025. Қаралған күні: 31.08.2025. Правительство Казахстана

### Transliteration

1. Berry Dzh. U. Akkluratsiya i psikhologicheskaya adaptatsiya / J. W. Berry // Razvitie lichnosti. – 2002. – № 1. – S. 291.
2. Portes A., Zhou M. The New Second Generation: Segmented Assimilation and Its Variants // The Annals of the American Academy of Political and Social Science. – 1993. – Vol. 530. – P. 74–96.
3. Portes A. Migration and Social Change: Some Conceptual Reflections / Alejandro Portes // Journal of Ethnic and Migration Studies. – 2010. – Vol. 36, No. 10. – P. 1537–1563.
4. Light I., Gold S. Ethnic Economies. – San Diego: Academic Press, 2000. – 368 p.
5. Levitt P. Social Remittances: Migration Driven Local-Level Forms of Cultural Diffusion // World Development. – 1998. – Vol. 25, No. 12. – P. 927–942.
6. Lacroix T., Levitt P., Vari-Lavoisier I. Social Remittances and the Changing Transnational Political Landscape // Comparative Migration Studies. – 2016. – Vol. 4, No. 1 (stat'ya 16).
7. Greiner C. Migration, Resettlement & the Countryside: A Critical Review // Cultural Geographies. – 2013.
8. Ellis F. Rural Livelihoods and Diversity in Developing Countries. – Oxford: Oxford University Press, 2000. – 290 p.
9. Vystuplenie Prezidenta Respubliki Kazahstan N.A. Nazarbaeva na III Vsemirnom kurultae kazahov (Astana, 29 sentyabrya 2005 goda)/https://www.akorda.kz/ru/events/astana\_kazahstan/participation\_in\_events/uchastie-v-v-vsemirnom-kurultae-kazahov. Қаралған күні: 31.08.2025.
10. KR Ukimeti. «Nurly kosh» bagdarlamasy turaly ma'limetter (2008–2011 zhzh.). – Qolzhetim: Adilet/online.zakon.kz. Qaralghan kuni: 31.08.2025.
11. KR UNEM. 2025 zh. «Aul – El besigi» ayasynda 500 aulda 1 000 zhoba (176,4 mlrd tg) iske asady: Baspasoz habar'lamalary. – 2025. Qaralghan kuni: 31.08.2025.
12. KR Ukimeti/Primeminister.kz. «Aul – El besigi» zhobasynyn maksattary men aukymy (sholu materialdary). – 2019–2025. Qaralghan kuni: 31.08.2025.

13. Central Asia-News. Kazakstanda «oralman» ornyna «kandas» termini engizildi (zhanalyk). – 2020. Qaralghan kuni: 31.08.2025.

14. KR Enbek zhane khalykty aleumettik korgau ministrligi. 29.12.2023 zh. № 542 buiryq: kandastar men qonys audarushylarga beymdeu-integratsiya qyzmetterinin piloty. – 2024–2025.

15. KR ИИМ buirygy. Kandas martebesin beru/uzartu qagidalary (zhana redaktsiyalar). Zan. gov.kz: PDF. Qaralghan kuni: 31.08.2025.

16. KR EXAQM baspasoz khabary: «2025 zh. 8 051 etnikalyk kazak kandas martebesin aldy». – 25.08.2025. Qaralghan kuni: 31.08.2025.

**Авторлар туралы мәлімет / Сведения об авторах / Information about authors**

Байғабылов Нұрлан Оралбайұлы Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, PhD, доцент, Астана, Қазақстан, email: n.baigabyl@mail.ru, ORCID ID 0000-0001-8212-9171

Ибраев Руслан Қайратұлы Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, PhD, Астана, Қазақстан, email:ibrayruslan@gmail.com, ORCID ID 0009-0008-6744-856X

Байғабылов Нурлан Оралбаевич Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, PhD, доцент, Астана, Казахстан, email: n.baigabyl@mail.ru, ORCID ID 0000-0001-8212-9171

Ибраев Руслан Кайратович Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, PhD, Астана, Казахстан, email: ibrayruslan@gmail.com, ORCID ID 0009-0008-6744-856X

Baigabylov Nurlan L.N. Gumilyov Eurasian National University, PhD, associate professor, Astana, Kazakhstan, n.baigabyl@mail.ru, ORCID ID 0000-0001-8212-9171

Ibrayev Ruslan L.N. Gumilyov Eurasian National University, PhD, Astana, Kazakhstan, ibrayruslan@gmail.com, ORCID ID 0009-0008-6744-856X